



Қазақ әдебиетінің бес арысы



Мағжан Жұмабаев



**Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?**

Мағжанның барлық өмірі - поэзиясында

```
graph TD; A["Мағжанның барлық өмірі - поэзиясында"] --- B["Мағжан – ұлы ақын"]; A --- C["Мағжан – лирик, сыршыл ақын"]; A --- D["Мағжан – эпик ақын"];
```

*Мағжан – ұлы
ақын*

*Мағжан –
лирик, сыршыл
ақын*

*Мағжан – эпик
ақын*

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Бұдан соң Мағжанды сүйемін. ... Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне қарағанда бұл бар заманның шегінен асқандай ... бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бойұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі»

Мұхтар Әуезов

Мағжан – ең алдымен, сыршыл ақын. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса, сырлы, көркем, сәнді жазады.

Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз.

Жүсіпбек Аймауытов

Мағжанның поэмалары

Жүсіпхан

Қорқыт


Батыр Баян

Ақын болу дегенің – теңіздейін тебірені,
Ақын болу дегенің – анадайын емірену
Ақын болу дегенің – арыңа бір шық тұрмау
Ақын болу дегенің – жүректерді тұтқындау.

Еркеш Ибрагим.

«Әлемдегі ел өмірі ақ қағаздай байқасаң,
Депті бір қарт ақиқаттың құдіретіне бас иген, -
Сол қағазда нақыл сөз бен аты қалған жақсының,
Тауып айтқан сөздеріне адам түгіл тас иген».

Әбдірахман Жәми







ПЕРСИЯ

АФГАНИСТАН

ИНДИЯ

КИТАЙ

Сырдарья

Туркестан

Верный

Пишкек

Хива

Ташкент

Коканд


Ош

Бухара

Скобелев

Самарканд

Асхабад









Қожа Аҳмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізімінде.



Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави в списке мирового наследия ЮНЕСКО.

Түркістан қаласының төлқұжаты

Түркістан тарихы V-ғасырда басталады. XVI-XIX ғасырларда Түркістан қазақ хандығының астанасы болды. 2000 жылы қала 1500 жылдығын тойлады.

Жерінің көлемі 94 мың шаршы километр. Халқының саны 200 мыңға жуық адам; онда 46 ұлт өкілдері тұрады. Қаланың құрамына 11 ауыл әкімшілігі округі және 4 кіші мөлтек аудан кіреді.

Қалада 20-дан астам өнеркәсіп ұжымдары, 7703 шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде 409 заңды тұлғалар бар.

Қалада 4 жоғарғы оқу орны, 4 колледж, 63 жалпы орта білім беретін оқу орны, 3 мектепке дейінгі мекеме, 1 кәсіптік техникалық мектебі жұмыс істейді. Халыққа 45 денсаулық сақтау мекемелері, 16 қонақ үйі, 2 стадион, 1 театр, 1 газет редакция, 7 банк, аквапарк, мәдениет сарайы, 2 телеарна, 1 спорт сарайы, жастар орталығы қызмет етеді.

Сонымен бірге жылына 1 млн.-ға жуық турист келіп-кететін мемлекеттік "Әзірет-Сұлтан" мәдени-тарихи қорық мұражайы және 24-тен аса тарихи орындар бар.

















"Түркістан" өлеңіндегі тарихи ұлы тұлғалар



Әл-Фараби



Абылай хан



Әбуғали Ибн Сина



Ақсақ Темір



Есім хан



Ұлықбек



Шыңғыс хан

Түсіндірме сөздік

Екі дүние есігі – *осы дүние мен о дүниенің түйіскен жері, қасиетті жер деген мағынада*

Несібі – *байлығы*

Тұран – *түркілердің астанасы*

Ұсап – *ұқсап*

Енші алысу – *ата-аналарының материалдық байлығынан балаларының алатын үлесі*

Алаш – *қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, әзірбайжан, татар, т.б.*

Көксеу – *сағыну.*

Эпитет: Ер түрік, кең
ақыл, отты қайрат,
жүйрік қиял.

Метафора: от болып
туған, отқа ұқсап,
Арқаның ардагері – қалың
алаш, Алаштың
арыстаны.

**«Артқы күнге анық қалуға
жарайтын сөз – Мағжанның
сөзі»**

(М.Әуезов)

**«М.Жұмабаев – Абай мен қазіргі қазақ
поэзиясының арасындағы
поэтикалық көпір»**

(Ғ.Ибрагимов)

«Мағжанның ақындығы да, кісілігі де ерекше бөлек еді. Ақындық өміріне, біліміне келсек, алаштың екі күшті адамының бірі, тіпті ең дарындысы, күштісі Мағжан болатын. Бірі – біздің осы күнгі М. Әуезов»

(С.Мұқанов)

Үйге тапсырма:

«Түркістан» өлеңін жаттау.

«Жыр толғау».

«Сыр толғау».